

Қаракемер мектеп- балабақшасының 2023-2024 оқу жылында

4 - сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.

2023-2024 оқу жылын 4 - сынып 10 оқушымен бастады. 4 – сыныпта 4 ер бала, 6 қыз бала бар.

Көп балалы отбасыдан шыққан балалар: Бауыржанқызы Нұрай, Бекзатұлы Ердәулет, Жолдасғали Кәусар, Серікбаев Алтынбек, Серікқалиқызы Гүлназ, Мұханбетқалиева Ақбота.

Аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар: Мұханбетқалиева Ақбота, Серікқалиқызы Гүлназ.

Қазіргі заманғы мектеп өзінің мүмкіндіктері мен мақсаттарына сай білім беру процесін ұйымдастыруда жеткілікті еркіндікке ие. Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу. 2023-2024 оқу жылында ҚР.БҒМ жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысының жоспары бекітілді. Тәрбие үдерісі-бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекетке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау мақсатында диагностика оқушының даму үдерісі мен нәтижесіне талдау жасалды. Тәрбие сағаттарында оқушыларға ҚР. Мемлекеттік рәміздерді бағалап, құрметтеуге баулу, ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтары мен міндеттерін біліп жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттері жүргізілді.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу-барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы-ұлттың, адами құндылықтарға негізделген.» Оның мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, Отанды сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығы және табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылыққа қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу. Қосымша бағдарламалармен жұмыс жасалды. Жолда жүру ережелері, өмір қауіпсіздігі, зиянды заттардан қорғану бойынша тәрбие сағаттары өтті.

Сынып жетешісі: Амантаева Ардак Несипбаевна